

егемен Қазақстан

Атыңнан айналайын, Қарқаралы



«Қазақтың ең даласының қай шетіне барсаң да осындай қасиетті жерлер табылады». Ұлытау төрінде таяуда берген сұхбатында Елбасымыз осылай деп еді. Сондай жердің бірі – Қарқаралы. Мәди бабамыз «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» деп жырлаған киелі мекен. Сол Қарқаралыда ертең той. Қаланың 190 жылдық тойы. Әр қазақтың жүрегіне жақын Қарқаралының мерейтойы қарсаңында өңірдің өнегелі өткені, өрен жүйрік өрендері туралы арқалы ақын Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ қарасөзбен былайша толғайды.

Уа, дариға, алтын бесік туған жер,
Қадірінді келсем білмей, кеше гөр!
Жата алмас ем топырағында тебіренбей,
Ақын болмай, тасың болсам мен егер.
Қасым.

Бұл – атам қазақтың Алаш-Алаш болғалы, маңдайын күнге сүйгізіп, найза ұстап, атқа қонғалы өзегінен ұрпақ өргізіп келе жатқан ата жұрты.

Атыраудан Алтайға дейінгі ұланғайыр жерді алып жатқан аяулы мекеніміздің Арқадағы бір алтын көмбесі – Қарқаралының бір-бірімен иықтаса, көкке қол созып жатқан көк сенгір таулары бұдан бұрын 250- 500 млн. жылдар шамасында, сонау палеозой дәуірінде бой түзеген. Ол кезде осы Сарыарқа атырабы терең теңіздің астында жатқан көрінеді. Су тартылып, жер кеуіп, құмдаққа, әк тасқа, түрлі кристалдарға айналып, бұдан 1,5-2 млн. жылдар бұрын жер қыртысының көтерілуінен Қарқаралы, Қу, Кент, Қызыларай жоталары бой түзеген. Сонау Ғұн, Сақ, Оғыз, Қыпшақ, Көк Түріктер заманынан осы біздің тәуелсіздігімізге дейінгі кезеңде мың сан тарихи оқиғалардың бәрі осы Қарқаралының тау-тас, сүрлеу, қара жолдарының үстінен өткен. Бұғылы тауына ат шалдырсаңыз, алдыңыздан ұзындығы 5 шақырымға созылып, биіктігі 3 метрге жететін «Қалмақ қорған» шыға келеді. Осы қорғанда Бәсентин Малайсары батыр қалың қалмақпен шайқасқан. Сол кезде-ақ исі қазақ ру-руға бөлінбей, ұлт болып ұжымдасқан. Қарқаралының шұрайлы жерлеріне қызыққан ойраттарға қарсы соғыста Абылай хан Үлкенкөл желкесіндегі Жауыртоғай ішінде хан кеңесін шақырады. Осы жерден Қарқаралының үстімен Көкшетауға қарай «Абылайдың ақ жолы» өтеді. «Қалмақ қорғанның» қолтығындағы Тас шатыр мен Үш үңгір алғашқы адамдардың мекені болған. Әлі күнге дейін соның маңынан сол кездегі тұрмыстық көне заттар, қару-жарақ, тастан қашалған балбалдар табылып жатыр.

2010 жылы шілденің ортасында Қарқаралы өңіріне қатысты тарихи бір оқиға болды. Осы жерден Алтын киімді Адамның сүйегі шықты. Алғашқы «Алтын Адамның» Есік қаласы маңынан табылғаны белгілі. Ал, қарқаралылық Сақ көсемі одан екі ғасыр бұрын өмір сүрген көрінеді. Бұл – кең-байтақ қазақ даласынан табылған төртінші «Алтын Адам», Сарыарқа – Орталық Қазақстан аймағынан тұңғыш рет ұшырасып отыр.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада» қазақтар Жиделібайсын мен Жетісудағы жанға жайлы қоныстарын тастап, Арқаға ауғаны белгілі. Қаз дауысты Қазыбек қалың қаракесекті Мыржық, Едірей, Дегелең, Қу, Қарқаралы өңіріне, Шу бойына қоныстандырды. Сөйтіп, осы Қарқаралыда қазақтың үш жүзі мидай араласып кетеді. Бірде Қаз дауысты Қазыбек Семізбұғыда әбден қартайып, төсек тартып жатқан Бұқар жырауға сәлем беруге барады. Сонда Көмекей әулие амандықсаулықтан соң:

– Ал, Қазыбек інім, осы біз екі қолымызға он жамандықты уыстап жүрміз, сен соларды санап берші, – деп саусақтарын көрсетіпті. Әр лебізін тереңнен барлап айтатын Қазыбек сәл ойланып отырады да, былайша тебірене жөнеліпті:

– Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман; екі дегеніміз – егесіп өткен ер жаман; үш дегеніміз – үш тармақты шідерден шошыған ат жаман; төрт дегеніміз – төсектен безген жар жаман; бес дегеніміз – белсеніп шапқан жау жаман; алты дегеніміз – ауылына қадірі кеткен жан жаман; жеті дегеніміз – мақсатына жете алмаған жан жаман; сегіз дегеніміз – сенімнен айырылған дос жаман; тоғыз дегеніміз – тозғаныңыз, топтан қалғаныңыз; он дегеніміз – о дүниеге озғанымыз емес пе?! – дейді. Сонда Қаз дауысты Қазыбектің сөзіне ұйыған Бұқар жырау:

– О, бәрекелді! – деп көзіне жас алған екен.

Аспан астындағы ұлыстардың бірде-біреуіне ұқсамайтын, «Алаштан байтақ озбаса, арабыдан атты сайлап мінбеген, күлікке тас тай болып тимесе, үстіне көбе сайлап кимеген, алғаны ару болмаса, алдына алып сүймеген» (Шалкиіз) Алаш елінің ұлы абызы Бұқар жырау еді бұл! Атамзаманнан бүгінгі күнге дейін Бұқардың атасы күйеу, анасы келін болып түсіп, кіндігін кесіп, кірқоңын жуған, «жабағылы жас тайлақ жатып атан, жатып қалған бір тоқты жайылып мың қой болған жердің» (Қазтуған) ат жалы, атан қомындағы жұмбақ өркениетіне қара жердің шаңын шығарып, мүнкіген күл қоқыста оқшау ой-пиғылымен омалып қалған отырықшылар дүниесі әлі күнге дейін одырая қарап келеді. Түркі дүниесінің білгірі Л.Н.Гумилев ХХ ғасырдағы орыс жылнамаларында осынау ұлы далаға «беймәлім жер» деп ат қойып, айдар таққан. Содан бері қаншама

заман, нелер қоғамдық экономикалық формациялар осынау дүниені дүр сілкіндіріп өтсе де, біз мекен ететін ұлы даланың сол «беймәлім» болмыс-бітімі ХХ ғасырдың керуен көші ХХІ ғасырға ілігер тұста да тылсым жұмбағын бауырына басып жатыр. Көшпелілер өркениетінің өресін шамалауға адам баласының гомо сапиенс атанған заманынан бастап, ғарышқа көз салған бүгінгі дәуірімізге дейін там-тұмдап жинаған ілім-білімдерінің шамашарқы жетер емес!

Батыс Сібір генерал-губернаторы, Мемлекеттік Кеңес пен Сібір комитетінің мүшесі М. Сперанский 1822 жылы «Сібір қырғыздары (қазақтары) туралы Жарғы» шығарды. Империялық мүддені көздеген бұл ереже бойынша ел басқарудың хандық жүйесі жойылды. Осыдан үш жыл бұрын Орта жүздің ақырғы ханы Бөкей қайтыс болып, жұрт оның орнын кім басар екен деп Қаз дауысты Қазыбектің шөбересі Алшынбай Тіленшіұлына жаутаңдап жүрген еді. Енді, дүние төңкеріліп түскендей болды: «Жаңа мизам» жаңа тәртіп әкелді. Орта жүз сегіз сыртқы округке (дуанға) бөлініп, оларды приказ басқаратын болды. Ел тізгіні жергілікті халықтан сайланған заседательдерге беріліп, жесір дауын, жер дауын, барымта, ұрлықты бітімгер сот шешетін болды. Аға сұлтанның билігі тежелді. Өйткені, жаңағы төрт заседательдің екеуі – қазақ, екеуі – орыс. Билік – екі орыстың қолында. Бұрын қазақ аталас, рулас ретінде тіршілік етсе, енді елу жетпіс түтін – бір ауыл, он-он бес ауыл – бір болыс, он бес-жиырма болыс – бір округ болып, қазақтар он малдан бір малды өкіметке салық ретінде төлеуге міндеттелді.

1837 жылдың жазында Айыртау бауырына жиналған арғын, найман, керей, уақ, қоңырат, қыпшақ рулары Кенесары Қасымұлын боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ киізге орап, Орта жүздің ханы етіп көтереді. Шұбыртпалы Ағыбай Қоңырбайұлын бас сардар етіп сайлайды. Еңгезердей Ағыбай батырдың тізесі Ақлақ дейтін арғымақтың қолтығын қағып отырады екен. «Ақжол!» деп ұрандатып, жауға тисе жан шыдатпаған. Кенесары оны «Ақжолтай Ағыбай батыр» атандырып, атасы Абылайдан қалған күміс сапты қанжарын сыйлаған. Соңынан ерген 14 мың қолға басшы етіп, «Сарыарқадай жер қайда, Ағыбайдай ер қайда?!» деп отырады екен. Сол Ағыбай баһадүрдің суреті бүгінде Санкт-Петербургтегі Эрмитаждың төрінде тұр!

Қарқаралы – Қазақтың Автопортреті!

Біреудің зорлық-зомбылығын көргенде отқа тиген күкірттей лапылдай жөнелетін ел бұл! Ақ патшаға қазақ даласындағы орыс отаршылдығын, антиадамзаттық, айуандық әрекеттерін алғаш рет ашып көрсеткен «Қарқаралы петициясы» осы өңірден аттанды.

Бір қазақты қаққа бөліп, әкені – балаға, бауырын – іні-қарындасына қарсы қойған қазан төңкерісі осы Қарқаралының да жан-жүрегін қанжоса қылып, кескілеп кетті! 1920 жылы Мәскеуге Кирвоенревкомның № 2043 мандатымен келген Әлімхан Ермеков қазақ өлкесінің жай-күйі һәм оның шекарасын белгілеу мәселелері жөнінде баяндама жасады. Сол кезде уыздай жап-жас жігіт небәрі 29 жаста екен. Комиссияның жұмысына Халық Комиссарлар Советінің председателі В. Ленин басшылық жасайды. Әлімхан Ермеков Столыпин реформасы салдарынан шұрайлы жерлерінен айырылып, орыс батрактарына басыбайлы құл болған қазақтардың тағдыр-таланын езілуші таптың мұң-мұқтажын жоқтаймыз дейтін большевиктердің алдына кесекөлденең тартады. Бұл – большевиктердің ұлы орыстық шовинизм дертімен ауыра қоймаған кезі. РКП(б) Орталық комитетінің мүшесі Г.Сафаровтың қазақ жеріндегі орыс отаршылдығының оңбаған көріністері хақында айтқан ащы айыптау сөзі елдің көбін елең еткізді.

1916 жылы Әулиеата қаласына Фольбаун дейтін генерал келді. Ол патша үкіметінің қазақ жастары герман соғысына барып, қара жұмыс істеуге, окоп қазуға тиіс деген жарлығын жеткізді. Қазақ еңбекшілері одан үзілді-кесілді бас тартып, патша үкіметіне қарсы көтеріліске шықты. Осы кезде патшаның жазалаушы отрядтары көтеріліс басшыларын, оның сарбаздарын да атып, асты. Ел талауға түсті. Жұртты киізге орап, үстеріне керосин құйып өртеді! Тірідей жерге көмді! Жетісу жақтағы орыс кулактары қазақтарға қарадан-қарап өшікті. Оларды жерлерінен қуып шығып, үстерінен оқ жаудырған! Каспий теңізінің теріскей жағасындағы ұзындығы 70-80 шақырымға, Нарын

құмына созылған маңызды шығанақ-бұғазды патша үкіметі орыс помещиктеріне беріп жіберген! Столыпинның Мемлекеттік думада қазақ жерін игеру туралы сөзінен кейін «Миллионный фонд» деп аталған өңірді орыс-жапон соғысы тұсында Сібірлік казак-орыстарға сыйға тартқан!..

Мәжілістің қызған кезінде Г.Сафаров:

– Түркістандағы орыс кулактарын Ресейге қайта көшіру керек! – деп тұрып алады.

Ленин Ермековке қарап:

– Сіз бұған қалай қарайсыз? – дейді.

Әлімхан Ермеков бұлай істесек, екі жұрт арасында алакөздік пайда болуы мүмкін, жергілікті қазақтарды атамекеніне дұрыстап қоныстандырып алғанша, ішкі Россиядан жаңа көшпелілер әкелуді тоқтата тұрған дұрыс, – дейді. Мұны естіген Ленин:

– Ғажап! Орталықтың өкілі, орыс коммунисті орыстарды қазақ жерінен көшіруді сұрады. Ал, партияда жоқ қазақ тек көшті тоқтата тұрған дұрыс дейді. Ойланатын жағдай екен! – деп мәз болып, Ермековтің арқасынан қағады.

Каспий-Атырау жағасындағы, Астрахань жақтағы бұғаз-шығанақты Қазақ автономиясына қосу мәселесіне партияның сол кездегі көрнекті қайраткерлері Ш.Әлива, Н.Брюханов, Л.Крестинский үзілдікесілді қарсы шығады. Сондағы уәждері – қазір Ресейде аштық. Атыраудың балығына Мәскеу мен Петроград өте зәру. Сондықтан, бұл алқапты РСФСР-ге қалдыру керек десті.

Содан кейін Ленин Астрахань губерниялық атқару комитетінің председателінен:

– Қане, сіз айтыңызшы, Каспийдің осы теріскей жағасындағы бұғазда тұратын халықтың көпшілігі қазақ па, орыс па? – деп сұрады. Ол сонда:

– Владимир Ильич, қолымда дәлме-дәл санақ мәліметтері жоқ еді, – деп, екіұштылау жауап береді.

Ленин:

– Жоқ, бізге дәлме-дәл санақ керек емес. Сіз шамамен Каспийдің осы жағасындағы ел-жұрттың қайсысы көп, қайсысы аз екенін айтыңыз? – деп тұрып алады. Астрахань өкілі мұндағы тұрғындардың көпшілігі қазақ екенін мойындайды. Ленин: «Онда мен бұл мәселені дауысқа қоямын» деп, Атыраудың осынау жағалауын болашақ Советтік Қазақ Автономиясына қайтарып беруді ұсынады.

Дау-дамай ұзаққа созылады. Сол кезде Әлімханның мәжілістен шығуын асыға күтіп отырған Алаш ардагерлері арасында Ахмет Байтұрсынов айтты деген бір сөз елге жайылады: «Біздің Әлімханмен бес сағат сөз таластыруға шама-шарқы жеткен орыстың мынау адвокаты Владимир Ульянов адамзаттың төресі екен!» депті...

Ленин мәжілістің соңында автономия құру жөнінде Ұлт істері Халық Комиссары Иосиф Сталин мен пікірлесіңіздер, онда арнайы жоба бар дегенді айтады. Мәжілістен ақ маңдайы жарқырап, алшаң басып шыққан Әлімхан осыны Әлихан Бөкейханға айтқанда, туасы бекзада, көрінген күлдікөмешті көзге ілмейтін Әлекең:

– Сталин не шешер дейсің?! Оның білігі мен білімі белгілі ғой! – деп шалқалап жүріп кетіпті. Түп атасы Шыңғысханнан тарайтын шынжыр балақ, шұбар төс, тектінің тұқымы! Арғы атасы – Тәуке хан «Жеті жарғыны» сомдап, қазақты ел қылудың алғашқы заңнамасын жасаған. Әлихан Бөкейханның әулеті анадан шырылдап туғаннан «Алаш жұртының табанына кірген шөңге менің маңдайыма кірсін» дейтін ұстаныммен ғұмыр кешкен ақсүйек тұқым. 1537 жылғы Сан-Таштағы қырғында оның арғы атасы Тоғым хан тоғыз ұлы және әскербасы отыз жеті сұлтанымен шәйіт болған. Осы Тоғым ханның туған інісі Шығай ханның ұлы – Еңсегей бойлы Ер Есім. Осындай қара көктің тұқымынан қазақтың қара баласының хан баласына кеткен есесі көп еді, соны қайтаратын кез келді деп, бүкіл ғұмырын қазақ халқының ұлт азаттығына арнаған Әлихан Бөкейхан тумағанда кім туады?!

Осы арыстардың Алла жебеген асқақ рухынан Совет Одағының Батыры Нұркен Әбдіров, қазақ жырының босағада қалған алтын басын төрге шығарған Қасым Аманжолов, қазақ театры өнерінің тарлан бозы Қаллеки (Қалибек) Қуанышбаев, ғұлама

ғалым Ақжан Машанов, Алаштың алғашқы ғарыш кері Тоқтар Әубәкіров туып, елдің атақдаңқын төрткүл дүниеге паш етті!

Қарқаралы-Қызыларай Алаш ардагерлерінің қазақты қалай ел қыламыз деп әңгіме-дүкен қылған жері! Ақбайдың Жақыбының ауылында молда болған Әбіштің Рахымжаны осы Қызыларайда туған. Қызыларайдың шалдары Сұлтанмахмұттың сол молданың аузынан жазып алған Әлімхан Ермековке арнаған өлеңін айтып жүретін. Ол кезде біз жас едік. Өз өлеңімізбен өзіміз әуре болған кезіміз. Жаттап алып, жадымызда сақтай алмай қалдық. Есте қалған бір-екі-үш жолы: «Қызыларайдан ұшқан қыраным, Ұлыста бөлек ұланым. Томағанды сыпырып, Қиядан елді шоларсың. Алатауда қалықтап, Алтайыңда шалықтап, Алтын тұғырға қонарсың!» дегені ғана. Қаншама сөз ұмыт қалды? Он-он үш жаста естіген өлең алпыстан асқанда қайта еске түсе ме? Сол Қызыларайдан ұшқан қыран, ұлыста бөлек ұлан, томағасын сыпырып, қияны көктен шола алмай, Алатауда қалықтап, Алтайыңда шалықтап, алтын тұғырға қона алмай арманда өтті!

Ақтар мен қызылдардың қырғыны шегіне жетіп тұрған азамат соғысы кезінде Міржақып Дулатов екі жақтың түрмесіне кезек-кезек түседі. Мінезі – тік. Көкейіндегі ойын күлтелемей айта салатын бетті адам екен. Сол мінезімен екі тапқа да жақпай, екі жақтың да қуғынсүргініне іліне береді. Бір кезде қараңғы сахараға «Оян, қазақ!» деп айғай салған Алаштың боздағын өзге жұрт өз алдына, өзінің қазағы түсіне алған жоқ. Түсінуге өресі жетпеді! Әлі де жетер емес... Сондай тар жол, тайғақ кешудің кезінде М.Дулатов Әлімхан Ермековтің үйіне келіп бас сауғалайды. Оның осы үйде екенін басқа біреу емес, қазақтың өзі көр сетеді! Қылышынан қан тамған қызыл комиссар Угар Жәнібеков Міржақыпты тұтқындауға келсе, есік алдында интеллигентше киінген бір адам тұр. Түр-кескінінен Алаш орданың адамы екені көзге ұрады:

– Сен кімсің?! – дейді Угар ала көзімен атып.

– Мен Әлімхан Ермековпін! – дейді әлгі адам комиссардан айылын жимай.

– Апырым-ай, ә... – дейді Угар, – сіз Әлімхан Ермеков болсаңыз... Сіздің үстіңізге баса-көктей кіру ұят шығар?! Мен кетейін... Мен сізді көргем жоқ, сіз мені көрген жоқсыз!

Әлімхан Ермеков осы әңгімені ылғи сүйсіне айтып жүреді екен. Әлімхан да, Угар да Қызыларайдың тумасы. Бір ел, бір рудың баласы. Бір-бірімен сырттай таныс біліс болғанмен, бетпе-бет кездесіп тұрғаны осы. Қазақша айтқан да, қанжығада жолығып тұр! Аласапыран заманның дауылы екеуін екі жаққа лақтырып жіберген. Пролетариаты, люмпені, қайыршысы, жезөкшесі болмаған қазақтың үстіне Қазан төңкерісі жасаған эксперименті, міне, осындай! Әкені – баладан, ағаны – ініқа қрындастан, елді – ағайын-жұртынан айырған! Сол тарихи ессіз эксперименттің зардабын қазақ халқы әлі тартып келеді! Көре сіні содан көріп жүр. Адам зат қауымдас тығында жесірін қаңғыт паған, жетімін жылатпаған, әке отырғанда – ұлы, шеше отырғанда – қызы сөйлемеген жұрт осы қазақ еді. Қазан төңкерісінен кейін отыз екінің аштығына ұрынып, жан-жаққа босып кетті. Отыз жетіде бір-бірін «халық жауы» деп ұстап берді!

Қарқаралы тәуелсіздік дәуірін де Елбасының сара саясатын Темірқазықтай маңдайға алып, Атырау – Арқа – Алатау – Алтаймен бірге жасарып, жасанып, әлемдік қауымдастықтың алысқа бет алған көшкеруеніне нық сеніммен ілесіп келеді. «Атадан ұл туса – құл болам деп тумайды, анадан қыз туса – күң болам деп тумайды!» – деген Қаздауысты Қазыбектің сонау XVIII ғасырда айтқан аталы сөзінің салтанат құратын кезеңі енді келіп жетті. Алашымыз – азат! Еңсеміз – биік! Елдігіміз – мықты! Сайын далада қызған еңбек дүбірі! Сайсалада мыңғырған төрт түлік мал... Бір кезде Ұлы Жібек жолы бойынан Қоянды жәрмеңкесін ашып, Әміре мен Жүсіпбектің әні, Майраның сәнімен Сарыарқаны дүбірлеткен Қар қаралы елі нарықтық эконо миканың тетіктерін де жете меңгеріп, экономика мен әлеуметтік даму дың ерен жетістіктеріне жетіп келеді.

Тойың тойға ұлассын, атыңнан айналайын, Қарқаралы!

Серік АҚСҰНҚАРҰЛЫ
Қарағанды облысы.